



Статистика, учет и аудит, 4(91)2023. стр. 59-63
DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2023-4.08>

МРНТИ 06.73.02
УДК 336.01

КРАУДФАНДИНГ – ҚАЗАҚСТАН НАРЫҒЫНДА ЖАҢА ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕ

А.М. Зұлпұхар, А.Д. Тлеубекова, С.Х.Берешев, Г.Н. Бекмаганбет*
Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*Corresponding author e-mail: Atleubekova@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада жаңа қаржылық платформаны қолдану аясында қаржыландыру жүйесін қалыптастыру жолдарын қарастыру туралы айтылған. Бұл мақала қазіргі ХХІ ғасырдағы әлемдік нарықта қолданылып жатқан жаңа идеяларды біздің еліміздің экономика саласына алып келу жолдарын, әдіс тәсілдерін ұсыну болып табылады.

Мақаланы жазу мақсаты жаңа қаржылық платформаны қолдану арқылы заманауи технологияларды қолдану негізінде жаңа кәсіпкерлер мен шығармашыл адамдарға көмектесуге арналған жаңа құрал екенін таныстыру.

Қазақстанда краудфандинг платформасы қазіргі таңда тек ғана қайырымдылық деңгейінде ғана іске асып тұрғанын атап өту керек. Өкінішке орай, сәтсіз стартаптар қатары көп. Бұл платформаны Қазақстан нарығында жақсы деңгейде дамыту арқылы қаншама жаңа идеяларды Қазақстан нарығына алып келуге мүмкіндіктер туатына көз жеткізуге болады.

Түйінді сөздер: жаңа идея, стартаптар, ақша ағыны, қаржыландыру, краудфандинг, ақша қаражаттарының келуі, компания құны, инвестиция.

Негізгі ережелер. 2021 жылғы 16 сәуірдегі «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасына түсіндірме жазбада мынадай анықтама беріледі: «краудфандинг-мамандандырылған интернет ресурстар арқылы белгілі бір қайырымдылық бағдарламасын қаржыландыру мақсатында қайырымдылық ұйымдарының ақша қаражатын тартуы (краудфандинг платформалары)» [1].

Кіріспе. Көптеген қызықты, перспективалы, инновациялық идеялар оларды жүзеге асыруға қажетті қаражаттың болмауына байланысты қағаз жүзінде қалады. Әрбір стартапердің жеке ақша қаражаттың жеткіліксіз болуы, мемлекет тарапынан қолдаудың болмауы, немесе банктен несие алу мүмкіндігі бола бермейді. Алайда, заманауи технологиялар бізге жаңа кәсіпкерлер мен шығармашыл адамдарға көмектесуге арналған жаңа құрал сыйлады. Краудфандинг дегеніміз не және ол қалай жұмыс істейді?

Ағылшын тілінен аударғанда «краудфандинг» термині «халықтық қаржыландыру» деп аударылады. Краудфандинг - бұл соңғы кездері жиі қолданылатын өте танымал сөз. Бұл жай сөзден алыс, әлемдегі жаңа және маңызды құбылысты білдіретін термин. Краудфандинг - қазірдің өзінде үлкен көлемде материалдық байлық жасауға мүмкіндік берді және жүздеген әлеуметтік және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және көптеген талантты бизнесмендер үшін бастапқы капиталдың қайнар көзі бола алды [2].

Cite this article as: A.M. Zulpukhar, A.D. Tleubekova, S.H.Bereshev, G.N. Bekmaganbet. Crowdfunding as a new financial instrument in the Kazakhstan market. *Statistics, accounting and audit.* 2023, 4(91), 59-63. (In Kaz.). DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2023-4.08>



Материалдар мен әдістер. Жұмыста әдебиеттерді талдау, мәліметтерді зерттеу және жалпылау, жіктеу, салыстырмалы талдауды қоса алғанда, зерттеудің жалпы ғылыми әдістері қолданылады.

Қазіргі уақытта краудфандинг пен краудвинвестинг кеңінен танымал бола бастады, өйткені бұл тұтынушыға шынымен қажет материалдық құндылықтарды дәл табуға және өндіруге мүмкіндік беретін керемет құрал.

Бұл платформаға жүгінетін негізгі жобалар – стартаптар болып саналады. Олардың авторлары - фаундерлер, ал ақшаға көмектесетін адамдар – бәкерлер немесе салымшылар деп аталады.


Талқылаулар мен нәтежелер. Краудфандинг процесін бірнеше кезеңге бөлуге болады. Мақсатқа байланысты краудфандингтің қай түрі сізге тиімді екенін анықтай аласыз:

- егер сіздің бизнесіңіз жақсы жұмыс істеп тұрса, қысқа мерзімге жедел ақша қажет болса, краудлендинг сізге арналған. екі айға, тіпті екі күнге несие бере алады.

- жаңа бизнес немесе кәсібіңізді дамытып, инвесторды тартқыңыз келсе, краудинвестингке назар аударғаныңыз жөн. кәсібіңіздің құнды қағаздарын айырбастау арқылы инвестордан қаражат ала аласыз.

- әлеуметтік немесе шығармашылық жоба жасағыңыз келсе, краудфандинг арқылы жүзеге асыра аласыз.

Қазіргі уақытта қаражат жинаудың бұл түрі интернетте және әлеуметтік желілерде кең таралған, өйткені бұл үлкен аудиториямен қаражат жинауға өте ыңғайлы платформа (Сурет 1).



Сурет 1 –Краудфандинг іске асыру моделі

Краудфандингтегі мына проблемалар жайлы әр кәсіпкер хабардар болуы керек:

- бедел қаржы мақсаттарына жетіп, қоғамдық қолдауға ие болу, бірақ идеяны сәтті орындамаудың кері әсері болуы мүмкін.

- зияткерлік меншікті қорғау идея ұрлау және зияткерлік меншікті қорғау мәселелері алаңдатып отыр.

- донор таусылуы. қолдаушылардың бір нетуорк тобынан бірнеше рет қолдау сұраса, олар ақырында бұдан шаршауы мүмкін.

- қоғамдағы үрей. тиісті нормативтік заңдарсыз алаяқтық немесе қаржыны заңды пайдаланбау ықтималдығы жоғары. краудфандингтің басты артықшылықтары мен мақсаттары:

1. Инновациялық шешімдер мен стартаптарға қолдау көрсету, сонымен қатар делдалдарға табысты және дарында азаматтарды табуға мүмкіндік береді.




2. Халықаралық жобаларды қаржыландыру үшін айқын және әсерлі механизмді құру.

3. Краудфандингтік платформа әртүрлі жобаларға ақша жинауға көмегін тигізеді. Яғни: үлкен немесе орташа, классикалық немесе төтенше жобаларға.

4. Инвестиция тартудың басты көзі толық қаржыландыру болып табылады. Яғни, жас кәсіпкер бизнесін бастау үшін толыққанды ақша қаражатын алуын немесе сапасыз бизнес көзін ашуға мүмкіндік бермеу үшін мүлдем қаражат алмауын айтамыз.

Осы мақсатта интернет-ресурстардың үлкен саны жасалды, қазіргі кезде әлемдегі ең танымал ресурстардың бірі танымал краудфандинг платформасы Kickstarter (kickstarter), бұл бірнеше жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік берді және миллиардтаған доллар жинаған платформа.

Дамыған елдер бұл мәселені әлдеқашан жүйелеп, заңға бағындырып қойған. АҚШ-та 3 мың, Қытайда 4-5 мың шамасында краудфандинг платформалары жұмыс істейді (Сурет 2). 2013 жылы Италия акционерлік краудфандингті жан-жақты бақылауға алып, баламалы инвестиция нарығы операторларының ұлттық тізбесін құрды [3].



Сурет 2 - Әлем бойынша краудфандинг дамуы

Қазақстандағы жалғыз краудфандинг платформасының негізін салушы, «StartTime» компаниясының Бас директоры Әзиза Өтегенова осы тұста біздің елде краудфандинг идеясын көшірме шаблон деп қабылдайтындардың көп екенін айтады. Билік тарапынан салмақты көзқарастың қалыптаспауына осы фактор кері әсерін тигізіп отырған көрінеді. Бізге «Kickstarter» немесе «Boomstarter» деңгейіне көтерілуге әлі ерте. Бірақ өмірдегі барлық жетістік бастап көруден басталады. Бизнес-идеясына қаржы таппай жүргендер де, қаржысын қандай жобаға саларын білмей жүргендер де көп. Тіпті қазір адам капиталына инвестиция салу трендке айналды.

Осы тарапта елімізде краудфандинг платформасын дамыту мақсатында 2 модель ұсынуға болады (Суреттер 3,4).



Сурет 3 – Инвестициялық жобаларды қаржыландыру моделі №1



Сурет 4 – Мемлекеттік инновациялық қор арқылы венчурлық жобаларды қаржыландыру моделі №2

Қорытынды. Қазақстанда краудфандинг платформасы қазіргі таңда тек ғана қайырымдылық деңгейінде ғана іске асып тұрғанын атап өту керек. Өкінішке орай, сәтсіз стартаптар қатары көп. Бұл платформаны Қазақстан нарығында жақсы деңгейде дамыту арқылы қаншама жаңа идеяларды Қазақстан нарығына алып келуге мүмкіндіктер туатына көз жеткізуге болады. Жаңа идеялар арқылы ел экономикасын әлемдік экономика тұғырына шығаруға мүмкіндік бар екенін ашық айта аламыз. Мемлекет тарапынан бұл платформаға қолдау көрсетілген жағдайда Краудфандинг – Қазақстан нарығында жаңа қаржылық құрал болатыны күмәнсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Краудфандинг в Казахстане: Даже небольшие пожертвования имеют значение [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.zakon.kz/5074974-kraudfanding-v-kazahstane-dazhe.html> (дата обращения: 21.03.2023).
2. Райзберг Б.А., Лозовский Л.Ш., Стародубцева Е.Б. Современный экономический словарь. - 6-е изд., перераб. и доп. - М.: Инфра-м. – 2011. – 511 с.
3. Бригхем Ю.Ф., Эрхардт М.С. Финансовый менеджмент: пер. с англ., 10-е изд. С-Пб: Питер. - 2020. – 960 с.

References

1. Kraudfanding v Kazahstane: Dazhe nebol'shie pozhertvovanija imejut znachenie. Available at: <https://www.zakon.kz/5074974-kraudfanding-v-kazahstane-dazhe.html> (data obrashheniya: 21.03.2023).
2. Rajzberg B.A., Lozovskij L.Sh., Starodubceva E.B. Sovremennij jekonomicheskij slovar [Modern economic dictionary]. Moscow, Infra-m, 2011. 511 p. (in Russian).
3. Brigham Ju.F, Jerhardt M.S. Finansovij menedzhment [Financial management]. Translation from English, S-Pb: Piter, 2020. 960 p. (in Russian).



КРАУДФАДИНГ КАК НОВЫЙ ФИНАНСОВЫЙ ИНСТРУМЕНТ НА РЫНКЕ КАЗАХСТАНА

А.М. Зұлпұхар, А.Д. Тлеубекова, С.Х.Берешев, Г.Н. Бекмаганбет*

Алматинский гуманитарно-экономический университет, Алматы, Казахстан

Резюме: В статье речь идет о рассмотрении путей формирования системы финансирования в рамках применения новой финансовой платформы. Данная статья представляет собой представление способов, методов, как привнести новые идеи, применяемые на современном мировом рынке XXI века, в сферу экономики нашей страны. Цель написания статьи-познакомить с тем, что это новый инструмент для помощи новым предпринимателям и творческим людям на основе применения современных технологий с использованием новой финансовой платформы.

Ключевые слова: новая идея, стартапы, денежный поток, финансирование, краудфандинг, приток денежных средств, стоимость компании, инвестиции.

CROWDFUNDING AS A NEW FINANCIAL INSTRUMENT IN THE KAZAKHSTAN MARKET

A.M. Zulpukhar, A.D. Tleubekova, S.H.Bereshev, G.N. Bekmaganbet*

Almaty Humanitarian and Economic University, Almaty, Kazakhstan

Summary. the article deals with the consideration of ways to form a financing system within the framework of the application of a new financial platform. This article is a presentation of ways, methods, how to bring new ideas used in the modern world market of the XXI century into the sphere of the economy of our country. The purpose of this article is to introduce the fact that this is a new tool for helping new entrepreneurs and creative people through the use of modern technologies using a new financial platform.

Keywords: new idea, startups, cash flow, financing, crowdfunding, cash inflow, company value, investments.

Авторлар туралы ақпарат:

А.М. Зұлпұхар - оқытушы, Алматы гуманитарлы- экономикалық университеті, Жандосов к., 59, Алматы, Қазақстан, e-mail: a.zulpukhar@mail.ru

А.Д. Тлеубекова* - аға оқытушы, Алматы гуманитарлы- экономикалық университеті, Жандосов к., 59, Алматы, Қазақстан, e-mail: Atleubekova@mail.ru

С.Х.Берешев - э.э.д., профессор, Алматы гуманитарлы- экономикалық университеті, Жандосов к., 59, Алматы, Қазақстан, e-mail: niitruda@inbox.ru

Г.Н. Бекмаганбет - аға оқытушы, Алматы гуманитарлы- экономикалық университеті, Жандосов к., 59, Алматы, Қазақстан, e-mail: bekmaganbet@mail.ru

Сведения об авторах:

А.М. Зулпұхар – преподаватель, Алматинский гуманитарно-экономический университет, ул. Жандосова, 59, Алматы, Казахстан, e-mail: a.zulpukhar@mail.ru

А.Д. Тлеубекова* - старший преподаватель, Алматинский гуманитарно-экономический университет, ул. Жандосова, 59, Алматы, Казахстан, e-mail: Atleubekova@mail.ru

С. Х. Берешев - доктор экономических наук, профессор, Алматинский гуманитарно-экономический университет, ул. Жандосова, 59, Алматы, Казахстан, e-mail: niitruda@inbox.ru

Г.Н. Бекмаганбет - старший преподаватель, Алматинский гуманитарно-экономический университет, ул. Жандосова, 59, Алматы, Казахстан, e-mail: bekmaganbet@mail.ru

Information about authors:

A. Zulpukhar - teacher, Almaty Humanitarian and Economic University, st. Zhandosova, 59, Almaty, Kazakhstan, e-mail: a.zulpukhar@mail.ru

A. Tleubekova* - senior lecturer, Almaty Humanitarian and Economic University, st. Zhandosova, 59, Almaty, Kazakhstan, e-mail: Atleubekova@mail.ru

S. Bereshev-doctor of economics, professor, Almaty Humanitarian and Economic University, st. Zhandosova, 59, Almaty, Kazakhstan, e-mail: niitruda@inbox.ru

G. Bekmaganbet - senior lecturer, Almaty Humanitarian and Economic University, st. Zhandosova, 59, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bekmaganbet@mail.ru

Алынды: 02.11.2023

Қарауға қабылданды: 27.11.2023

Онлайн қолжетімді: 30.12.2023